

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына бақылау жасау құқығын иемденуге рұқсат беру ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысы 2002 жылғы 3 маусымдағы N 207. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 4 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 1906.

Ескерту: Қаулының күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 9 қаңтардағы N 20 қаулысымен .

"Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы N 126-II ҚРЗ Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына бақылау жасау құқығын иемденуге рұқсат беру ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін күшіне енеді.

3. Банктерді және сақтандыруды қадағалау департаменті (Мекішев А.А.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу ш а р а л а р ы н қ а б ы л д а с ы н ;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне және аумақтық филиалдарына, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына ж і б е р с і н .

4. Осы қаулы күшіне енгізілген күннен бастап сақтандыру (қайта сақтандыру) Ұйымына бақылау жасау құқығын иемденуге рұқсат беру ережесі қолданылатын тұлғалар 90 күнтізбелік күн ішінде сақтандыру қызметін реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға көрсетілген мерзім ішінде растау құжаттарын ұсына отырып, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына бақылау жасау құқығын иемденуге рұқсат беру туралы, не сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының дауыс беруші акцияларын тікелей немесе аффилиирленген тұлғалар арқылы иелену, пайдалану және басқару үлесін бес проценттен төмен деңгейге дейін азайту туралы өтініш беруге міндетті.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы Г.А.Марченкоға жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
"Сақтандыру (қайта сақтандыру)
ұйымына бақылау жасау құқығын
иемденуге рұқсат беру ережесін
бекіту туралы" 2002 жылғы
3 маусымдағы N 207 қаулысымен
бекітілген

**Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына
бақылау жасау құқығын иемденуге рұқсат беру
ережесі**

Ескерту: Ереженің мәтініндегі "уәкілетті мемлекеттік орган", "уәкілетті мемлекеттік органның" деген сөздер "уәкілетті орган", "уәкілетті органның" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 2 желтоқсандағы N 416 қаулысымен .

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес әзірленді, уәкілетті органның (бұдан әрі - уәкілетті орган) қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына бақылау жасау құқығын иемденуге рұқсат (бұдан әрі - рұқсат) беру тәртібін және оны беруден бас тарту негіздерін айқындайды.

Ескерту: 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 2 желтоқсандағы N 416 қаулысымен .

2. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына (бұдан әрі - сақтандыру ұйымы) бақылау жасау құқығын иемденген тұлға сақтандыру ұйымының дауыс беруші акцияларының жиырма бес процентінен астамын тікелей немесе аффилиирленген тұлғалар арқылы иеленетін, пайдаланатын немесе билік ететін заңды немесе жеке тұлға болып табылады.

2-1. Заңды немесе жеке тұлғаның аффилиирленген тұлғалары: сақтандыру ұйымының акционері болып табылатын және сақтандыру ұйымының дауыс беретін акцияларының жиырма бестен көп процентімен дауыс беру мүмкіндігі бар тұлғалардың; немесе сақтандыру ұйымының акционері болып табылатын және сақтандыру ұйымының дауыс беретін акцияларының жиырма бестен көп процентімен дауыс

беру мүмкіндігі бар тұлғалардың акцияларының (қатысу үлесінің) отыз бес немесе одан көп процентін тікелей немесе басқа заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу арқылы иеленген (дауыс беру мүмкіндігі бар) тұлғалардың акцияларының (қатысу үлесінің) отыз бес немесе одан көп процентін иеленген (дауыс беру мүмкіндігі болған) жағдайда заңды немесе жеке тұлға сақтандыру ұйымының дауыс беретін акцияларының жиырма бес процентінен көбін иеленген болып танылады.

Ескерту: 2-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 2 желтоқсандағы N 416 қаулысымен.

3. Тұлғалардың ешқайсысы уәкілетті орган берген рұқсатты алмай сақтандыру ұйымына бақылау жасау құқығын иемденуге құқылы емес.

2. Рұқсат беру тәртібі және рұқсат беруден бас тарту негіздері

4. Сақтандыру ұйымына бақылау жасау құқығын иемдену ниеті бар заңды немесе жеке тұлға (бұдан әрі - өтініш беруші) рұқсат беру туралы уәкілетті органға өтініш жасайды.

Ескерту: 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 27 қазандағы N 323 қаулысымен.

5. Өтініш еркін нысанда жасалады және оған мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) жеке тұлға - осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш берушінің деректері, сондай-ақ оның жеке басын куәландыратын құжаттың нотариат куәландырған көшірмесі;

2) заңды тұлға:

осы Ереженің 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш берушінің деректері;

жеке басын куәландыратын құжаттың нотариат куәландырған көшірмесі;
сақтандыру ұйымын бақылау құқығын иелену туралы өтініш берушінің жоғарғы органы шешімінің көшірмесі;

сақтандыру ұйымының акцияларын сатып алу мерзімі мен талаптары туралы, сатып алу үшін пайдаланылатын ақша сомасы және оның көздерінің сипаты туралы, растаушы құжаттар қоса берілген мәліметтер;

сатып алғаннан кейін өтініш берушінің болжалды есеп айырысу балансын қосқандағы сақтандыру ұйымының бақылау құқығын иелену зардаптарына, бар болған жағдайдағы өтініш берушінің жоспарлары мен ұсыныстарына, сақтандыру ұйымдарының активтерін сату бойынша, сақтандыру ұйымының басқа заңды тұлғамен бірігуі немесе қызметке маңызды өзгерістер енгізу немесе сақтандыру ұйымын басқару (бизнес-жоспарды және ұйымдық құрылымды

қосқанда) қаржылық болжам жасау;

Сондай-ақ рұқсат беру туралы өтініш берердің алдындағы тоқсан соңында аудиторлық ұйым қол қойған (не заңды тұлға құрылған сәттен бастап бір аяқталған қаржы жылы үшін, егер осы мерзім екі жылдан кем болмаса) соңғы екі аяқталған қаржы жылы үшін алынған түсіндірме жазбасы қоса берілген өтініш берушінің жылдық есеп беруі;

өтініш берушінің сақтандыру ұйымы алдында мерзімі өткен және (немесе) берешек балансына қойылған берешектердің жоқтығын растайтын құжаттар;

Аталған құжаттар мемлекеттік немесе орыс тілдерінде берілуі мүмкін. Құжаттардың басқа тілдерден аударылуы нотариат арқылы куәландырылуы тиіс.

Ескерту: 5-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 2 желтоқсандағы N 416 қаулысымен, ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 27 қазандағы N 323 қаулысымен.

6. Егер сақтандыру ұйымын бақылау құқығын екі және одан да көп тұлғалар иемденсе, олардың әрқайсысы рұқсат алуға қажетті рұқсатты дербес беріледі.

Ескерту: 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 27 қазандағы N 323 қаулысымен.

7. Рұқсат беру туралы мәселені уәкілетті орган өтініш беруші осы Ереженің 5-тармағында көзделген құжаттардың толық пакетін ұсынған күннен бастап бір ай ішінде қаралады.

Ескерту: 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 27 қазандағы N 323 қаулысымен.

8. Сақтандыру ұйымын бақылау құқығын иеленуге рұқсат алудан бас тарту негізі - өтініш берушінің қаржылық тұрақсыздығы болып табылады.

Ескерту: 8-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 27 қазандағы N 323 қаулысымен.

9. Өтініш берушінің қаржылық тұрақсыздық белгілері мынадай факторлардың бірі болып табылады:

1) өтініш берушінің міндеттемелері оның активтерінен асып кетеді;
2) егер өтініш берушінің соңғы екі қаржылық жыл ішіндегі қызметінің нәтижесі зиян болып табылса;

3) өтініш берушінің міндеттемелерінің мөлшері сақтандыру ұйымының қаржылық жай-күйіне айтарлықтай қауіп төндіреді;

4) өтініш берушінің сақтандыру ұйымы алдындағы мерзімі өткен және (немесе) сақтандыру ұйымының балансынан тыс есебіне жатқызылған

б е р е ш е г і н і ң

б о л у ы ;

5) заңды тұлға-өтініш берушінің меншікті капиталының жеткіліксіздігі -
Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес сақтандыру ұйымының акцияларын
с а т ы п а л у ү ш і н .

Ескерту: 9-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 2 желтоқсандағы N 416 қаулысымен , ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 27 қазандағы N 323 қаулысымен .

10. Уәкілетті орган рұқсат беруден бас тартқан жағдайда өтініш берушіге бас тартудың нақты себептерін көрсете отырып жазбаша хабарлауға міндетті.

11. Уәкілетті органның сақтандыру ұйымын бақылау құқығына рұқсаты бар тұлға он күнтізбелік күн ішінде уәкілетті органға растама құжаттарын ұсына отырып сақтандыру ұйымына тікелей немесе аффилиирленген тұлғалары арқылы қатысу үлесінің өзгеруі туралы жазбаша хабарлайды.

Бұл ретте дауыс беретін акциялардың үлесін өзгертуге уәкілетті органның рұ қ с а т ы т а л а п е т і л м е й д і .

Ескерту: 11-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 2 желтоқсандағы N 416 қаулысымен .

11-1. Уәкілетті органның сақтандыру ұйымын бақылау құқығына рұқсатын алған тұлға аталған рұқсатты алған күннен бастап он күнтізбелік күн ішінде уәкілетті органға сақтандыру ұйымына дауыс беретін акциялардың үлесін тікелей немесе аффилиирленген тұлғасы арқылы сатып алу фактісін растайтын қ ұ ж а т т а р д ы ұ с ы н а д ы .

Сақтандыру ұйымына бақылау жасау құқығына рұқсат алған тұлға уәкілетті органға осы тармақта көрсетілген құжаттарды бермеген жағдайда жоғарыда аталған рұқсат көрсетілген мерзім бойынша өзінің күшін тоқтатады.

Ескерту: 11-1-тармақпен толықтырылды, тармаққа толықтыру енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 2 желтоқсандағы N 416 қаулысымен , ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 27 қазандағы N 323 қаулысымен .

3. Қорытынды ережелер

12. Осы Ережемен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шешілетін болады.

Төраға

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2002 жылғы 3 маусымдағы
N 207 қаулысымен бекітілген
Сақтандыру (қайта сақтандыру)

ұйымына бақылау жасау құқығын
иемденуге рұқсат беру ережесіне

№ 1 қосымша

*Ескерту: 1-қосымшаға толықтырулар енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі
Басқармасының 2003 жылғы 2 желтоқсандағы № 416 қаулысымен, ҚР Қаржы
нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі
Басқармасының 2004 жылғы 27 қазандағы № 323 қаулысымен.*

ӨТІНІШ БЕРУШІ (ЖЕКЕ ТҰЛҒА) ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

(сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының атауы)

1. Өтініш берушінің аты-жөні _____

2. Туған күні _____

3. Азаматтығы _____

4. Жеке басын куәландыратын құжаттағы деректер (нөмірі, сериясы,
берілген күні және кім берген) _____

5. Мекен-жайы _____

6. Жұмыс орны, қызметі _____

7. Білімі _____

(оқу орнын, аяқталған жылын, мамандығын көрсету керек)

8. Еңбек қызметі туралы қысқаша резюме _____

(мекен-жайы, қызметі, жұмыс уақыты)

9. Өтініш берушінің сақтандыру ұйымының жарғылық капиталындағы үлесі
(оның ішінде басқа акционерлермен бірге үлесі) _____

(қажет болған жағдайда басқа акционерлердің де үлесін көрсету керек)

10. Акционердің басқа да заңды тұлғалардың жарғылық капиталына
(тікелей немесе аффилиирленген тұлғалар арқылы) қатысуы туралы
м ә л і м е т т е р :

- осы ұйымдардың атауы және мекен-жайы

- осы ұйымдардың мемлекеттік тіркелуі туралы мәліметтер

- олардың қызметінің түрі (қызметінің түрін атап көрсетіңіз)

- осындай заңды тұлғаның әрқайсысының жарғылық капиталдағы үлесі,
сондай-ақ оның ақшалай алғандағы мөлшері

(қолы, күні)

11. Құрылтайшының жақын туыстарының (әкесі, шешесі, аға-інісі, апа-қарындасы, жұбайы, балалары) сақтандыру ұйымының немесе өзге де заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысуы туралы, сондай-ақ - тікелей немесе аффилиирленген тұлғалар арқылы қатысатын әкесі, шешесі, аға-інісі, апа-қарындасы, балалары, жұбайы туралы мәліметтер :

- осы ұйымдардың атауы және мекен-жайы

- осы ұйымдардың мемлекеттік тіркелуі туралы мәліметтер

- олардың қызметінің түрі (қызметінің түрін атап көрсетіңіз)

- осындай заңды тұлғаның әрқайсысының жарғылық капиталдағы үлесі

12. Сақтандыру ұйымы акционерінің дауыс беретін акциялар сатып алуға арналған ақшаның шығуы _____

13. Сақтандыру ұйымының акционері мүлкінің (жылжымалы, жылжымайтын) тізбесі _____

оның ішінде кепілге салынғаны _____

14. Сотталғандығы _____ туралы мәліметтер

15. Сақтандыру қызметіне орай құқық бұзушылық жасауына байланысты әкімшілік жауапкершілікке тартылғаны туралы мәліметтер

(қолы, күні)

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2002 жылғы 3 маусымдағы
N 207 қаулысымен бекітілген
Сақтандыру (қайта сақтандыру)
ұйымына бақылау жасау құқығын
иемденуге рұқсат беру ережесіне

N 2 қосымша

Ескерту: 2-қосымшаға толықтырулар енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 27 қазандағы N 323 қаулысымен .

**ӨТІНІШ БЕРУШІ (ЗАҢДЫ ТҰЛҒА)
ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР**

(сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының атауы)

1. Өтініш берушінің атауы _____

(ұйымның толық атауы)

2. Өтініш берушінің мекен-жайы _____

(почта индексі және мекен-жайы, телефоны, факс)

3. Мемлекеттік тіркелгені туралы мәліметтер _____

(құжаттың атауы, нөмірі, берілген күні, кім берген)

4. Қызметтің мәні _____

(қызметінің негізгі түрлері көрсетілсін)

5. Қазақстан Республикасының резиденті, резидент емесі болып санала ма (резидент емес болса, қай елдің резиденті екендігі көрсетілсін)

6. Өтініш берушінің бірінші басшысы туралы ақпарат

(аты-жөні, туған күні, айы, жылы)

Білімі _____

(оқу орнын, аяқталған жылын, мамандығын көрсету керек)

6-1. Еңбек жолы туралы мәліметтер:

Жұмыс кезеңі	Жұмыс орны	Қызметі

6-2. Сотталғандығы туралы мәліметтер

6-3. Сақтандыру қызметіне байланысты құқық бұзушылық жасауына байланысты әкімшілік жауапкершілікке тартылғаны туралы мәліметтер

6-4. Өтініш берушінің мүддесі тапсырылған өтініш беруші өкілі туралы
м ә л і м е т т е р

(а т ы - ж ө н і)

(жеке басын куәландыратын құжат деректері)

7. Өтініш берушінің сақтандыру ұйымының жарғылық капиталындағы
үлесі (оның ішінде басқа акционерлермен бірге үлесі) _____

(қажет болған жағдайда басқа акционерлердің үлесін де көрсету керек)

8. Өтініш берушінің басқа да заңды тұлғалардың жарғылық капиталына
қ а т ы с у ы _____ т у р а л ы _____ м ә л і м е т т е р :

- осы ұйымдардың атауы және мекен-жайы _____

- осы ұйымдардың мемлекеттік тіркелуі туралы деректер _____

- олардың қызметінің түрі (қызметінің түрін атап көрсетіңіз)_____

- осындай заңды тұлғаның әрқайсысының жарғылық капиталдағы үлесі ,
сондай-ақ оның ақшалай алғандағы мөлшері _____

9. Өтініш берушінің заңды тұлғаның жарғылық капиталындағы 10%-тен
кем болмайтын акционерлерінің/қатысушыларының тізбесі:

- осы ұйымдардың атауы және тұрған орны, не аты-жөні және мекен-жайы _____

- олардың қызметінің түрі (қызметінің түрін атап көрсетіңіз) _____

- өтініш берушінің жарғылық капиталдағы үлесі _____

(басшының қолы, күні)

(ұйымның мөрі)